

1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйек N 1161

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылға арналған Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары туралы баяндаманың құрамындағы 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары және Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштері бекітілсін.

1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған республикалық бюджетінің жобасымен бірге хабарлама тәртібімен Қазақстан Республикасының Парламентіне жіберілсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрі Ө.Е. Шүкеев Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған республикалық бюджетінің жобасын Парламентте қарау кезінде "1997 жылға арналған Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары туралы" баяндама жасасын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де атқарушы органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары негізінде 1996 жылдың 5 қазанына дейін 1997 жылға арналған салалық және аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативті жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған республикалық бюджетін әзірлеу кезінде 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарының болжалды макроэкономикалық көрсеткіштерін ескерсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, өзге де атқарушы органдарымен бірлесіп 1997 жылға арналған жекелеген болжалды макроэкономикалық көрсеткіштерді нақтыласын және 1996 жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Парламентіне:

өндірісті дамыту, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық үшін монополист-кәсіпорындардың шығаратын өніміне (жұмыстар, көрсетілетін қызмет) бағаның өсуі мен тарифтер жөнінде;

Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы

жөнінде - Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған республикалық бюджеті бекітілгеннен кейін;

сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеуді жетілдіру жөнінде;

1997 жылға арналған Қазақстан Республикасының Үкіметінің реформаны тереңдету жөніндегі кеңейтілген іс-шаралар жоспары жөнінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл Бағдарламасы мен Жоспарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1996 жылдың 10 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы салалық министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының, ірі кәсіпорындардың, компаниялардың, және банктердің басшыларымен кездесулер (консультациялар) өткізсін және 1997 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттар мен 1997 жылға арналған

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын болжаудың негізгі көрсеткіштерін талқыласын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық Банкінің 1997 жылғы экономикалық және қаржы саясаты туралы мәлімдемесі 1996 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі